



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

2024 жылғы 22 сәуірде жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары
Қ.А. Бозымбаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Қанат Алдабергенұлы!

Бүгінгі күні Қазақстанның көптеген өңірлеріндегі су тасқынына байланысты төтенше жағдай ешкімді бей-жай қалдырып отырған жоқ. Қарапайым халық баспана, мал-мүлкінен айырылып, инфрақұрылым, байланыс нысандары істен шығып, әлеуметтік жағдай ушығып кетті.

Тасқын салдарын жою бойынша жұмыстарды Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз бақылауына алып, тіпті су басқан бірнеше облыстарды аралады.

Наурыздың аяғында мен де ең алғашқылардың қатарында суға батқан Қостанай облысының Арқалық қаласы, Аманкелді мен Жангелдин аудандарына барып, бар жағдайды өз көзіммен көріп қайтқан болатынмын. Бұзылған үйлер, өлген үй мен дала жануарларын, жырылған жолдар мен құлаған бағандардың көрінісі жантүршігерлік. Сумен күресіп, үйлері мен ауылдарын аман сақтап қалудың амалын да алғашқы болып сол жақтың халқы жұмыла жасаған. Дегенмен, арнайы техника, құрал-саймансыз табиғи апатқа төтеп беру мүмкін емес. Кейін мұндай жағдай Қазақстанның барлық су басқан өңірлерінен де байқалды. Әдетте де жағдайы мәз емес ауылдарымыз төтенше жағдайға дайын болмай шықты. Апат айтып келмейтіні анық. Президенттің тапсырмасына сәйкес барлығы орнына келтіріліп, зардап шеккен еш қазақстандық үйсіз қалмайды, халықтың шығындары өтеледі.

Бірақ, биылғыдай көлемді су тасқынының қайталанбайтынына ешкім кепілдік бере алмайды.

Осыған орай, құрметті Қанат Алдабергенұлы, әр өңірдің климаттық және географиялық ерекшеліктерін ескере отырып, дереу барлық өңірлерде келесі іс-қимылдар қабылдау қажет деп санаймыз:

1. Инфекциялық ауру тарау қаупінің алдын-алу үшін өлген жануарларды дереу санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жою, ауыз судың сапасын тексеру;

2. Су тасқынымен байланысты апаттардың алдын алу үшін және екінші жағынан суармалы су мен су тапшылығы бар жайылымдық жерлерде қар мен жауын-шашын суын тоқтатуға және жинауға арналған су қоймаларын салуды қарастыру;

3. Республикалық және жергілікті автожолдардың су өткізгіш құбырларын тексеріп, жөндеу жұмыстарын жүргізу. Егер Қостанай облысы бойынша ғана қарайтын болсақ, республикалық жолдардағы 822 құбырдың 163 құбыры күйзеліп, жөндеуді қажет етсе, жергілікті маңызға ие жолдарда 1985 құбырдың 495-іне жөндеу жұмыстары қажет;

4. Аудандардағы төтенше жағдайлар бөлімшелерінің жеке құрамын арттыруды, олардың материалдық-техникалық қамсыздануын, оның ішінде өрт сөндіру техникасы, жүзу құралдары мен су сорғыш жабдықтармен қамтамасыз ету. Мысалға, Қостанай облысы бойынша аудандардағы қызметкерлердің орта саны 4-5 адам ғана, ал техникамен қамтамасыз етілу 54% ғана құрайды. Басқа өңірлерде де осындай жағдай;

5. Шалғай аудандардың көліктік қолжетімділігін жақсарту, әлеуметтік-экономикалық дамуы және өңіраралық байланыстарды күшейту қажет. Мысалы, Астана мен облыс орталығынан, республикалық автомобиль жолдарынан алыс орналасқан Торғай өңірінде ол мәселе шешілмеген. Су тасқынының салдарынан Жангелдин ауданының көп бөлігі су ортасында арал болып, оқшауланып қалды және бұл бірінші рет емес. Осы ретте «Орталық-Батыс» көлік дәлізін құру шеңберінде Жангелдин ауданының орталығы Торғайды Ақтөбе облысының Ырғыз ауданымен автожол арқылы байланыстырған жөн. Еліміздің орталығы мен батысы арасындағы төте жол жұмыспен қамту, ауыл шаруашылығы мен туризмді дамыту, халықтың ауылдан кетуін азайту сияқты мәселелерді шешуге ықпал ете алатыны анық.

Сондай-ақ, Арқалықта әуежай салу мәселесін жеделдету қажет. Өйткені, оның жоқтығы шағын және орта бизнестің жаңа субъектілерін ашуға, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жұмысына инвестициялар тартуға тежеу болуда. Әуежайдың қажеттілігін су тасқыны да айқын дәлелдеп берді. Авиакерасин сақтайтын қоймалардың болмауынан басқа өңірлерден барған тікұшақтар жанармайдың жоқтығынан сын сағатта жұмыссыз тұрып қалған.

Сізден осы депутаттық сауалды қарауды және жауабын заңнамаға сәйкес ұсынуыңызды сұраймыз.

Құрметпен,

**«АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшелері**

**Б. Бейсенғалиев
А. Рау
Е. Әбіл
Ү. Шапақ**

**«Қазақстан Халық партиясы»
фракциясының депутаты**

К. Сейтжан